

"Сарысу ауданы бойынша табысы аз отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Қағидаларын бекіту туралы" Сарысу аудандық мәслихатының 2012 жылғы 21 маусымдағы № 5-5 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы Сарысу аудандық мәслихатының 2013 жылғы 22 қарашадағы № 23-3 шешімі. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 11 желтоқсанда № 2066 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Сарысу аудандық мәслихатының 2014 жылғы 10 маусымдағы № 30-5 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы Сарысу аудандық мәслихатының
10.06.2014 № 30-5 шешімімен.
Р Қ А О - ның ескертпесі.**

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған

«Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 97 бабына және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ**
Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :

1. «Сарысу ауданы бойынша табысы аз отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Қағидаларын бекіту туралы» Сарысу аудандық мәслихатының 2012 жылғы 21 маусымдағы № 5-5 шешіміне (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6-9-140 болып тіркелген, 2012 жылғы 21 шілдедегі № 63 аудандық «Сарысу» газетінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

тақырыбында және бүкіл мәтін бойынша «табысы аз отбасыларына (азаматтарға)» деген сөздер тиісінше «аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға)» деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың әлеуметтік-экономикалық аумағының дамуы, қаржы және бюджет, қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты пайдалану, әкімшілік-аумақтық бөліністі айқындау, кәсіпкерлік және ауылшаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы Көкебаев Бахыт Керімбайұлына жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарының мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат с е с с и я с ы н ы ң т ө р а й ы м ы Л. Асанова	Аудандық мәслихатхатшысының міндетін уақытша атқарушы Р. Мұханов
--	---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК